

Оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу қабілеттерін дамыту



**«Егер балалар бірдемені
түсінбейтін болса,
онда оқытушы оларды
кіналауға тиісті емес,
оларға түсіндіре алмай
отырған өзін кіналауға тиіс»
Ы. Алтынсарин.**

Мақсаты: Оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу қабілеттерін дамыта отырып, тілге деген қызығушылығын арттырып, бағдарламалық материалды жүйелі меңгеруіне ат салыса отырып, логикалық, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін жетілдіру.





Әдістер:



1. «Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдісі
2. «Алты телпек» әдісі
3. «Автор орындығы» әдісі
4. «Кілт сөздер» немесе «Тірек сөздер арқылы әңгіме» әдісі
5. «Венн диаграммасы» әдісі
6. «Кластер» әдісі
7. «Ротация» (ауыстыру) әдісі



«Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдісі

Күтілетін нәтиже

Оқушы:

- Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады;
- Мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды;
- Мәтінге сұрақ қояды, сұраққа жауап бере алады, белгілейді, тұжырымдайды;
- Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және сұрақтар қояды;
- Өз оқуына және сыныптастарының оқуына жауапкершілікпен қарайды;
- Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды.

Тұрмыс –салт жырлары

I. Мәтінге сүйене отырып, мына сұрақтарға қалай жауап берер едің?

1. Тұрмыс –салт жырларында не суреттеледі?

2. Тұрмыс –салт жырларының қандай түрлері бар?


3. Еңбек және шаруашылық кәсіпке байланысты қандай өлеңдер?

4. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты туған қандай өлең – жырларды білесің?

5. Төрт түлік малға нелер жатады?

6. Неліктен халқымыз малды қадірлеп, оларға өлең-жырлар арнаған?

II. Тұрмыс –салт жырларына қандай түсініктер енеді? Сызба арқылы көрсет.




III. Берілген өлеңдерді мұқият оқып шығып, кестені толықтыр.

Жылқы	Қой	Түйе
<p>Қоғалы көлді жайлаған, құлдырандап ойнаған. Құраулап оны жылқышы, Қыл арқанмен байлаған. Қуғандарға жеткізбей, Қашқанға жетпей қоймаған.</p>	<p>Қорасында маңыраған, қозысымен жамыраған. Қозысынан айырылса, қоймай ұзақ аңыраған. Аппақ қою сүті бар, ақ шағала құрты бар. Ақтылы қой жануар</p>	<p>Маң-маң, маң басқан, шудаларын шаң басқан. Екі өркешін қом басқан, төрт аяғын тең басқан. Тілін тікен теспеген, мұрындығы келіскен.</p>

Түлік атауы	Не істейді?

IV.Өлеңдегі сипаттамаға сәйкес өзін қалаған, өзіңе ұнаған жануардың суретін салып, сипаттап жаз.



V. Төрт түлік туралы өлеңдерімен таныса отырып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Қой қандай жануар? Қойдың адам үшін қандай пайдасы бар?

2. Ешкі туралы не білдің? Жауабыңды қандай мәліметпен толықтырар едің?

3. Сиыр қандай жануар? Өз сөзіңмен айтып бер.

4. Өлеңнен жылқы туралы не білдің? Сен құлынды қалай сипаттар едің?

5. Өлең мазмұны бойынша түйені қалай елестетесің?

VI. Кестені толықтыр.

Төл атауы	Төл енесі	Төлді шақыру

VII. Төл қалай дыбыстайды? Сөздерді сәйкестендір.

Түйе, бота	кісінейді
Сиыр, бұзау	маңырайды
Қой, қозы	боздайды
Жылқы, құлын	мөңірейді
Ешкі, лақ	

VIII. Төрт түлік туралы алған біліміңді тірек сызба арқылы көрсет. Тірек сөздерді пайдалана отырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыр.



Қорытынды – рефлексия

Тапсырманы орындау ----- болды.
Себебі

----- .

Өзіме қоятын бағам
мұғалім бағасы